

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

Кеңестік идеологияландырылған тарихнамада бұрмалаушылықтардың көптеп орын алғандығына мысалдар келтіре беруге болады. Әйтсе де, осы бұрмалашылықтардың типтік үлгісі ретінде осы мысалмен ғана шектелеміз.

Алтын Орда – Жошы ұлысы тарихының дереккөздері еуропалық және шығыстық көптеген тілдерде қалыптасты. Ол дереккөздердің барлығы да маңызды. Араб, парсытілді дереккөздерді зерттеу нысанына алдық. Бұл бағыттағы дереккөздердің көлемі мен хронологиясы барынша ауқымды және сипаты да алуан түрлі болып келеді. Алтын Орда тарихына қатысты шығармалардың мәліметтерін елеп, екшеп, барынша шынайылығы дәлелденген мәліметтерді ортағасырлардағы Қазақстан тарихына енгізуге нақтылық беретін оңтайлы тәсілдерлі қолданып, білім мазмұны жаңалануы тиіс. Бұл мәселе жалпыорта мектептер мен жоғары оқу орындарының оқулықтарына бірдей қатысты.

### Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.Ж Тәуелсіздік бәрінен қымбат - Егемен Қазақстан. <https://egemen.kz> article
2. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (монография). Алматы: Тарих тағлымы, 2010.
3. Жұмабаева Ж.К. Дүниежүзілік тарих тарихнамасы (ежелгі замандардан ХХғ. дейін). I бөлім. Оқулық. –Алматы; 2014. -408б.
4. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. - М.-Л., 1950
5. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. - Саранск, 1961.
6. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. - М., 1966
7. Юлай Шамилоглу. Направление в исследовании Золотой Орды //Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. -2001.-428с. (С.15-29)
8. Амин Аль-Холи связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Сокр пер с ар. Изд-во Восточной литератры М.: 1962. 40 с.
9. Полное собрание русских летописей. Т. 12. Летописный сборник, именуемый Патриаршей или Никоновской летописью. СПб., 1901. 266 с.
10. М.А.Усманов. Состояние и перспективы источниковедения истории Улуса Джучи. С.3-10. // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. – Казань, 2001. -428с.

ОӘЖ 178.93

### **ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДА ТЕЖЕЛУІ БАР БАЛАЛАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

#### **Марат Арайлым Төлеуханқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультеті, педагогика кафедрасы,  
педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты

М.Горький атындағы №1 мектеп – гимназиясының арнайы – педагогы П.К. Дуйсебекова

**Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент С.К. Ахтанова**

Қазіргі уақытта тілінің дамуында тежелуі бар балалар саны артуда. Сол себепті, тілінің дамуында тежелуі бар балалар арнайы мамандар тарапынан қолдауды қажет етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында: «Білім берудің мектепке дейінгі сатысы дайындық кезең ретінде орта білім алудың үздіксіз жүйесіне енетіндігін айта келіп, білім беру, тәрбиелеу мекемелерінің әр типтілігіне қарамастан

олардың ортақ қызметтері – баланың денсаулығын, психикалық санасын жетілдіру және қорғау, баланың ақыл-ойы мен тұлғасының дамуын қамтамасыз ету» деп нақты атап көрсеткен.

Психологиялық – педагогикалық зерттеулерде тілінің дамуында тежелуі бар балалар мәселелері туралы маңызды ақпараттар жинақталған. Олар О.Е.Громова, Т.В. Волосовец, Е.О. Смирнова, Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, және т. б. авторлардың еңбектерінде қарастырылған. Дегенмен, ерте балалық шақтағы тілінің дамуында тежелуі бар балаларды зерттеуге арналған жекелеген жалпы ережелер мен фактілер келтірілгенмен, өкінішке орай, тіл дамуының тежелуін қарастыратын нақты жұмыстар жоқ. Сонымен қатар, тіл дамуы тежелуінің пайда болу себептері мен механизмдерін анықтау мәселелері жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр [1].

Балалардағы тіл дамуының тежелуі – бұл төрт жасқа дейінгі балалардың сөйлеуде даму нормасынан артта қалуы. Тіл дамуының тежелуінде бала сөйлей алады, тек бала өзімен жастылармен салыстырғанда өте аз сөздік қорымен байқалады, бірақ баланың ақыл – ойы мен эмоционалды дамуы қалыпты. Тіл дамуының тежелуі сөздік қорының сапалық және сандық дамымауымен, мәнерлі сөйлеудің жеткіліксіз қалыптасуымен, баланың екі жасқа дейін фразалық сөйлеуінің және үш жасқа дейін байланыстырып сөйлеуінің болмауымен сипатталады. Тілінің дамуында тежелуі бар балалар, , логопедтің, психологтың, педагог – психологтың кеңесіне, қажет болған жағдайда медицинада невропатологтың, балалар отоларингологының тексеру жүргізу қызметтерін қажет етеді. Тіл дамуының тежелуін түзету жұмыстары психологиялық-педагогикалық және медициналық көмекті қамтиды.

Шетел ғалымдары О. Е. Громова, Н. С. Жукова, Е. М. Мастюкова, Ю. Ф. Гаркуш, Н. Н. Матвеева, О. Е. Грибова, И. С. Кривовяз, Т. В. Волосовец және т.б. ғалымдардың теориялық және тәжірибелік жұмыстары балалардағы тілді дамыту мәселесіне, сондай-ақ тілінің дамуында тежелуі бар балалармен жұмыс істеу әдістемесіне арналған.

Психология ғылымының кандидаты Е.В.Жулинаньың пікірінше, тәрбиешілер мен ата – аналардың алдында тұрған көптеген мәселелердің қайнар көзі: қарым-қатынастағы қиындықтар, ұялшақтықтың жоғарылауы, оқшаулану, агрессивтілік және тілінің дамуы тежелген балалар мәселесі ерте балалық шақта тексерілуі керек, осыған байланысты жоғары білікті мамандардың психологиялық – педагогикалық қолдауы қажет [2].

Е.В.Жулинаньың еңбегіндегі тілінің дамуында тежелуі бар балаларға ерте көмек көрсету тұжырымдамасының негізгі мақсаты – сөйлеу қызметін қалыптастыру және дамудың мектепке дейінгі кезеңінде мұндай балаларды қоғамға одан әрі табысты біріктіру мақсатында педагогикалық қолдаудың мазмұнды және ұйымдастырушылық аспектілерін анықтау. Осылайша, ерте жастағы баланың тіл дамуындағы мәселелер неғұрлым ерте анықталса, мұғалімдер мен ата-аналардың оларды түзетуге уақыты соғұрлым көп болады [3].

Тіл дамуының тежелуі білімнің әртүрлі салаларының (неврология, нейропсихология, онтолингвистика, психология, арнайы педагогика және т.б.) зерттеуінде кең ауқымға ие. Бірқатар зерттеушілер (Е.Ф. Архипова, Е.А.Стребелева, Е. М. Мастюкова және т. б.) «тіл дамуының тежелуі» терминін үш жасқа дейінгі балалардың сөйлеуіне қатысты қолданады. Алайда, бұл термин 4-5 жастағы балалардың сөйлеуін сипаттау үшін де қолданылады.

О. С. Ушакова, А. Н. Корнев, В. М. Акименко, А. Г. Ушакова сияқты психологтар мен педагогтер тіл дамуының тежелуі бар балалар санының көбеюіне алаңдаушылық білдірді, өйткені баланың психологиялық дамуы, тұлғааралық қатынастардың қалыптасуы осы тіл дамуына байланысты және тілдің дамуы мен психикалық үрдістер тікелей байланысты.

Л.Выготский, М.Хватцев, Т.Филичева, Г. Волкова, Т.Власова, Р. Левина, Е.Соботович, В.Тарасун, М.Шеремет және т.б. ғалымдар тіл дамуының тежелуін және оларды психологиялық – педагогикалық көзқараста түзетуді зерттеді [4].

Тіл дамуының тежелуі психикалық процестердің дамуына теріс әсерін тигізеді, сол себепті баламен дамыту, түзету, қолдау жұмыстарын ерте жастан жүргізген дұрыс. Тіл дамуының тежелуі мәселесі логопедиялық немесе медициналық қана емес, сонымен қатар, психологиялық және педагогикалық мәселе. Тіл дамуы тежелуі функционалды және органикалық шығу тегі бойынша сөйлеу тілі бұзылыстарының барлық түрлерін қамтиды. Тіл дамуы тежелуінің себебі ми қыртысының органикалық зақымдануы немесе оның баяу жетілуі болуы мүмкін. Ол, ең алдымен, балалардағы тіл дамуының кеш басталуында, баланың фонематикалық сөйлеу жүйесінің өрескел бұзылуында, сөздік қорының шектен тыс аздығында, грамматикадағы түрлі қиындықтарда көрінеді [5].

Тіл дамуының тежелуі биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты болуы мүмкін.

Биологиялық факторлар:

- жүктілік кезіндегі токсикоз, вирустық және эндокриндік аурулар, жарақаттар, резус-фактор бойынша қанның үйлесімсіздігі және т.б.

- баланың өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар. Мидың зақымдануының әсер ету уақыты мен орналасуына байланысты әртүрлі типтегі тіл дамуындағы бұзылыстар пайда болады. Тілдің дамуына әсіресе жұқпалы вирустық аурулар, менинго-энцефалиттер теріс әсер етеді.

- баланың есту қабілетінің жоғалуы, сөйлеу функциясының қалыптасуы мен дамуы есту анализаторының тікелей қатысуымен, яғни бала естіген ақпаратқа сүйене отырып жүретіні белгілі, сол себепті есту қабілетінің бұзылуы тіл дамуының тежелуіне әкелуі мүмкін.

Тұқым қуалайтын факторлар: кейде жүйке жүйесінің жетілуінің баяу қарқыны генетикалық тұрғыдан анықталады. Мысалы ата-аналардың бірі кеш сөйлесе, баланың сөйлеу қабілеті де кеш дамуы мүмкін.

Әлеуметтік факторлар: тіл дамуы тежелуінің әлеуметтік – педагогикалық алғышарттары көбінесе қолайсыз микроәлеуметтік ортадан болуы мүмкін, ол тіл дамуының тежелуіне әкеледі. Мысалы отбасында бір – бірімен сөйлесу қарым – қатынасы орнамаса (отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті дамымаған) балада сөздік қорының аздығына немесе мүлдем жоқ болуына әкеледі. Билингвизм (екі тілділік) қарым – қатынас жағдайына байланысты екі тілді қатар қолдану және бірінен екіншісіне қайта ауысу ретінде анықталады. Логопед Н.Ш. Александрова өз еңбегінде баланың ерте жасындағы билингвизм баланың тілдік және жалпы интеллектуалдық дамуына теріс әсер ететін жағдайларды қарастырған. Л.И. Аммосова, С.С. Бакшиханова, Л.И.Белякова, Е. О. Голикова және т.б. авторлардың еңбектерінде билингвизмнің балалардың сөйлеу тілінің дамуына әсерін және екі тілді ортадағы логопедиялық жұмыстың ерекшеліктерін зерттеу ұсынылған [6].

Сөйлеу ортасы шектеулі немесе дұрыс емес ортада тәрбиеленетін ерте жастағы балалар (есту, сөйлеу қабілетінен айырылған ата-аналар, ұзақ ауруханаға жатқызу, әртүрлі ауыр ауруларға байланысты әлеуметтік байланыстарды шектеу) тілдің дамуының тежелуіне себеп болады.

Баланың тілінің дамуы қалыпты болуы үшін қарым-қатынас мағыналы болуы керек, эмоционалды жағымды фонда өтіп, оны жауап беруге итермелеуі керек. Балаға қоршаған әлемнің дыбыстарын (радио, теледидар, телефон т.б.) есту жеткіліксіз, бала сөйлеу дыбыстарын есту керек. Сөйлеу еліктеу арқылы дамиды, осыған сәйкес кейбір сөйлеу бұзылыстары (сөздердің айтылуының бұлыңғырлығы, кекештену, сөйлеу қарқынының бұзылуы және т.б.) еліктеу негізінде пайда болуы мүмкін.

Тіл дамуының тежелуі әртүрлі психикалық жарақаттармен жиі кездеседі (қорқыныш, жақындарынан ажырау, отбасындағы ұзақ мерзімді психотравматикалық жағдай және т.б.), бұл

тілдің дамуын кешіктіреді, ал кейбір жағдайларда, әсіресе психикалық жарақаттармен, баланың психогендік сөйлеу бұзылыстарын тудырады: мутизм, невротикалық кекештену. Екінші жағынан, психоәлеуметтік депривация ғана емес, сонымен қатар шамадан тыс қамқорлық баланың сөйлеу функциясының қалыптасуына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда сөйлеу қарым – қатынасы да талап етілмейді, өйткені баланың айналасындағы ересектер баланың барлық тілектерін оның сөйлеуінсіз-ақ бірден орындайды, сондықтан бала сөйлеуге ынталанбайды, талпынбайды [7].

Тілдің дамуында маңызды ынталандыру – баланың ересек адаммен қарым – қатынас формаларының өзгеруі. Яғни, 2-3 жастағы балаларға эмоционалды қарым – қатынасты ауыстыру оның сөйлеуін дамытуға күшті ынталандыру болып табылады. Егер ересек адамның баламен қарым – қатынас сипатында бұл өзгеріс болмаса, балада сөйлесуге деген ынта болмайды.

Тіл дамуында тағы бір алғышарт баланың ойын әрекеті үдерісінде түрлі әсер алуы, бұл сөздердің мағыналарын игеруге және олардың қоршаған шындық объектілерінің бейнелерімен байланысын қалыптастыруға негіз болады. Ойындарды, тапсырмаларды, жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Сондықтан, баланың ойын әрекетіне де ерекше мән берген дұрыс. Тілінің дамуында тежелуі бар балалармен ерте диагностика және уақытылы басталған қолдау жұмыстары өте маңызды. Кез-келген, тіпті сөйлеудің бұзылуының ең кішкентай белгілері үшін, мүмкіндігінше ертерек маманға барып, психикалық процестерді қоса, толық тексеруден өту керек, себебі, тіл дамуының тежелуі жасырын болып жатқан ауруды көрсетуі мүмкін.

Тіл дамуының тежелуі – тіл дамуының қарқынының баяулауы, бұл дегеніміз, тіл дамуының деңгейі баланың жасына сәйкес келмеуі. Тіл дамуының тежелуі, өз кезегінде, баланың психикалық дамуына, оның мінез – құлқына теріс әсер етеді, болашақта мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын, одан кейін бастауыш сынып бағдарламасын игеруге үлкен кедергі болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігінің маңызды себебі қазіргі қоғамда түрлі денсаулық мәселелерімен туылған балалар саны артуда. Оның ішінде тіл дамуының тежелуі бар балалар саны көбеюде.

Тіл дамуының тежелуі мәселесін шешудің қиындығы, сонымен қатар, барлық жерде сөйлеу функциясын дамытумен айналысатын және ерте жастағы балалардағы эмоционалды – еріктік саланың бұзылуын және мінез-құлқын түзету дағдыларын меңгерген мамандар саны аз. Шын мәнінде, тіл дамуы тежелуін уақытылы анықтау, сондай-ақ түзету жұмыстарының ерте басталуы баланың жеке басының үйлесімді дамуы үшін өте қажет. Сөйлеудің әсерінен қабылдау түбегейлі өзгереді, есте сақтаудың жаңа түрлері қалыптасады, ойлаудың жаңа формалары жасалады. Сол себепті, балаларда тілдің дамуынсыз сыртқы әлеммен толық өзара әрекеттесу мүмкін емес.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Метляева Ю. В. Система логопедической работы по преодолению задержки речевого развития / Ю. В. Метляева. 2019. — С. 40-42.
2. Жулина Е.В. Система ранней помощи детям с задержкой речевого развития: Монография. – Н. Новгород: НГПУ, 2018. – 143 с.
3. Жулина, Е.В. Модель ранней логопедической помощи детям с задержкой речи // Вестник Мининского университета. – 2014. – № 3 (7). – С. 15
4. Александрова Л. Ю. Дифференциальная диагностика задержки речевого развития и индивидуальных речевых различий у детей из замещающих семей //Л. Ю. Александрова, С. В. Ваторопина // Концепт. – 2014. – № 03. – с. 1 – 7.

5. Боровцова Л.А. Профилактика речевых нарушений у детей раннего возраста / Л.А. Боровцова, Л.Ф. Козодаева // Психолого-педагогический журнал Гаудеамус. - 2015. - №1. - Т. 25. - С. 112-120
6. Александрова Н.Ш. Может ли естественный билингвизм быть вреден? Вестник РУДН. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. 2017; Т. 14; № 2
7. Архипова Е.Ф. Логопедическая работа с детьми раннего возраста. М., 2007.

ӘОЖ 316.772

## **ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ**

**Махадиева Асель Каратаевна**

**Махадиева Асем Каратаевна**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Педагогика кафедрасының доцент м.а., PhD, Астана, Қазақстан  
Шымкент университеті, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы., PhD, Астана, Қазақстан

Қоғамды цифрландыру жағдайында мектептің білім беру үдерісіне интернет пен әлеуметтік желілерді тартуға байланысты, балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ерекше маңызға ие болды. Цифрлық орта, бір жағынан қолжетімді және сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету құралы болып табылса, ал екінші жағынан, интернет пен әлеуметтік медиа - бұл агрессивті мінез-құлық, интернет қорлау, яғни мектептегі зорлық-зомбылықтың жаңа түрі-кибербуллинг түрінде көрінетін кеңістік [1, 141-143].

Балалар мен жасөспірімдер ортасындағы буллингтің анықтамасын 1993 жылы Норвегиялық психолог Д.Олвеус берген: «буллинг (қорлау) - бұл билік немесе күш теңсіздігін қамтитын қасақана жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлық» деп көрсетті [2].

Бұл мәселе 21 ғасырдың басында балалар ұжымы аясында ең көп талқыланған тақырыптардың біріне айналды. Буллинг кез келген жаста пайда болуы мүмкін, алайда, буллингтің пайда болуының ең ықтимал кезеңдері де бар. Мұндай жас кезеңі – жасөспірімдік жас болып табылады. А.В. Петровский пікірі бойынша жасөспірімдік шақ «өзінің даралығын (жеке тұлғалығын) белгілеу үшін құралдар мен тәсілдерді іздеумен сипатталады. Осылайша, жасөспірім өзінің құрдастары арасында мінсіз өкілдік ету қабілетін барынша жүзеге асыра отырып, өзінің жеке даралығын іс-әрекет арқылы трансляциялау үшін барлық ішкі ресурстарын жұмылдырады ... ». Жасөспірім бірінші кезекте, өзінің қандай да бір іс-әрекеттерінде көрінетін қасиеттерін мақұлдайтын немесе қолдамайтын құрдастарының тобымен өзін байланыстырады». Кіші мектеп жасымен салыстырғанда жасөспірімдік шақта әлеуметтік қатынастардың сипаты өзгереді, өзін түсінуге және қалыптастыруға тырысады. Осы күрделі процестер шеңберінде жағымсыз ауытқулар спектрі пайда болуы мүмкін, олардың бірі -буллинг болып табылады [3].

Ал интернет желісіндегі қорлау кибербуллинг деп аталды. Кибербуллинг-бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (интернет және ұялы телефондар) арқылы басқаларға зиян келтіру мақсатында жеке адамдардың немесе топтардың қасақана, қайталанатын дұшпандық әрекеті. Ол жәбірленушінің эмоционалды саласының нашарлауына немесе оның әлеуметтік қатынастарының бұзылуына апарады. Жасөспірімнің әлеуметтенуінде қиындықтар мен девиантты мінез-құлықты пайда болуына, сондай-ақ оның болашақта өзін-өзі жүзеге асыру қабілетіне кедергі келтіретін тұрақты жеке өзгерістерге әкелетін виртуалды психологиялық террордың травмалық салдары да (депрессия, суицид және т.б.) бар [4, 177].